

Төтенше жағдайлары кезіндегі қорғану әдістері

Тексерген: Әділғазы Қ.
Орындаған: Әбдіқадыр Д.
Белякова С.
Асылбаев А.
Базарбай Ә.

Қазақстандағы ЭКОЛОГИЯЛЫҚ апаттар



ЖОСПАР:

- Батыс Қазақстандағы су тасқыны
- Қызылағаштағы су тасқыны
- Тентексай шахтасындағы төтенше жағдай



Батыс Қазақстандағы су тасқыны



Батыс Қазақстандағы
су тасқыны кесірінен
бюджетке **10**
миллиард **теңге**
шығын келтірілді.
Апат салдарынан **2**
адам қаза болды.



- ? Батыс Қазақстан облыстың **Зеленов және Тасқала** аудандары зардап шекті, **13 ауыл** суға кетті.
- ? Осы аудандардың **5** елді мекеніне су жайылды.
- ? Жекелеген ауылдар жарықтан ажыратылып қалған.
- ? **570** үй суға кірген.
- ? Облыс орталығынан 10 шақырым қашықтықтағы **Үміт** ауылындағы **Қазыналы тоғанына** қазіргі таңда **3 миллион** текше метр су жиналған. Егер бөгет арнасынан асар болса, су облыс орталығы Орал қаласына да қатер төндірмек.
- ? Облыс әкімі резиденциясы орналасқан **Самал** ықшам ауданындағы жекелеген коттедждердің жертөлесіне су құйылып, саяжай үйшіктері су астында қалды.



- Су тасқынының алғашқы күндерінен қалалық су тасқынына қарсы комиссия құрылып, шаралар алынды және жауапты тұлғалар бекітілді. Селдің бетін қайтаруда тек коммуналдық қызметтер техникалары ғана емес, қала кәсіпорындары, шаруа қожалықтары, ТЖ техникалары тартылды.
- Жұмыс үш ауысымда тәулік бойы жүргізілді. **253 мың** текше метр қар шығарылып, **77 мың** текше метр еріген қар суы сорылды, **2,5 мың** тонна топырақ, **1000 тонна** құмды-гравийлі қоспалар тасымалданды. Күн сайын **500 адамға** дейін апат орнында жұмыс істеді. Су тасқынына қарсы жұмыстар кезінде **78 самосвал**, **6** бірлік жер қазатын техника, **15** су соратын сорғы, **20** вакуумды автомобиль, **25** жүк тиегіш машина және **6** автогрейдер жұмыс істеді. Әкімдіктер, ІД, ТЖ желілерінде тәулік бойы кезекшілік орнатылып, БАҚ тұрғындармен түсіндіру шараларын жүргізді.



Қызылағашта болған су тасқыны



- Ақсу ауданындағы «Қызылағаш» су бөгенінің ашылып кету салдарынан орын алған төтенше жағдайдың зардаптарын жою үшін әртүрлі көздерден **7,492** млрд. теңге келіп түскен. ҚР мемлекеттік материалдық қоры мен қайырымдылық ұйымдардан **245,3** млн. теңге көлемінде азық-түлік пен мүліктік заттар жеткізілген.
- **33** адамнан тұратын құтқарушылар тобы, су-құтқару қызметі, Талдықорған өңірі бойынша ауылды қорғау жедел тобы, Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, ҚР ТЖМ мен ІІМ және басқа да топтар жұмыс істеді. **2820** адам қауіпсіз жерлерге көшіріліп, **385** адам құтқарылған.
- Қысқа уақыт ішінде электр жарығы мен телефон байланысы, ауыз судың жеткізілуі қалпына келтірілді.



Тентексай шахтасындағы төтенше жағдай



? Қарағанды облысындағы Күзембаев атындағы шахтадағы көмір мен метанның кенеттен атылуынан көзге көрінбейтін табиғи фактор себеп болған. Осы шахтада **23 мамыр** күні болған төтенше жағдайды зерттеген арнайы комиссия осындай қорытындыға келіп отыр. Комиссия мүшелерінің айтуынша, шахтада барлық техникалық қауіпсіздіктер сақталып, көмір мен метанның атылуының алдын алатын шаралар жүзеге асқан. Дәл төтенше жағдай болатын күні қазба бөлімінде **4 адам** жұмыс істеген. Кейін анықталғандай, оның екеуі қаза болып, тағы екі шахтер өз беттерінше тысқа шыққаннан кейін жедел ауруханаға жатқызылған.



- ? ТЖМ-нан анықтағандай, төтенше жағдай кезінде шахтада барлығы **169 адам** болған және олар дереу қауіпсіз жерге көшірілді. Қазіргі уақытта шахтаның жұмысы тоқтап тұр.
- ? Төтенше жағдайды жоюға Қарағанды облысы бойынша ТЖД-ның **7** адамы мен **3** техникасы, сондай-ақ «ВАСС «Көмір» РМҚК-ның **30** адамы және **6** техникасы жұмылдырылды.



*Адам нанғысыз
жағдайлардан қалай аман
қалудың жолдары*



ӨРТ КЕЗІНДЕ БИІК ҚОНАҚ ҮЙДЕН ҚАЛАЙ АМАН ҚАЛУҒА БОЛАДЫ



- Сулы матамен мұрныңызды және ауыз қуысын жауып, басыңызға сулы сүлгі жамылып шығыңыз.
- Егер есіктің тұтқасы салқын болса, есікті ашыңыз. Егер коридор түтін болса мүмкіндігінше еңкейіңіз (еденнен 60 см) және шығу есігіне беттеңіз. Егер есіктің тұтқасы ыстық болса, есікті ашпаңыз. Бөлмеге түтін кірмес үшін, есіктің астын сулы сүлгімен бекітіңіз.
- Негізінде өрт сатысы тек жетінші қабатқа дейін жетеді. Мүмкін қабырға арқылы келесі бөлмеге кірі алатын шығарсыз (Шкаф орналасқан жерде жұқарак). Балконнан балконға жете алмау мүмкіндігіңізді де қарастырыңыз. Екінші қабаттан жоғары тұрсаңыз, секірмеңіз. Бір-біріне жалғанған төсенгіштірді қолданыңыз, бұл жағдайдың өзінде де бір қабаттан артық түспеңіз.

ҚҰЛАП БАРА ЖАТҚАН ЛИФТТЕН ҚАЛАЙ АМАН ҚАЛУҒА БОЛАДЫ



- Соққы күшін анықтау үшін, етбетіңізден жерге жатыңыз (шетінен гөрі ортасына қарай). Жоғарыдан еш нәрсе түсіп кетпес үшін, басыңызды жабыңыз. Лифтінің шахта түбіне түсіп кету мүмкіндігін де ойлаңыз. Осылай да тірі қалуға болады. Құлап бара жатқан лифтте өлім жағдайы сирек кездеседі. Кейбі сарапшылар тік тұрып, соққы алдында секіру қажет дейді, бірақ уақытты дұрыс пайдалану мүмкіндігі аз.

ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ҮРЕЙЛЕНБЕҢІЗ!



Ең маңыздысы — сабырлы болып, үрейсіз әрекет ету. Бірақ жылдам қозғалуыңыз қажет. Ретсіз іс қимыл жасамағаныңыз жөн, өйткені осыдан үрей туындайды. Балалар мен егде адамдардың қамын ойлаңыз (олардың кейбіреулері жылжуда қиыншылықтарға тап болуы мүмкін).



Назарларыңызға
рахмет!!!

